

- 3 Есенов Қ. Қазақ тіліндегі күрделенген сөйлемдер. — Алматы: Ғылым, 1974. — 148-б.  
 4 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі: Оқу құралы. — 2-бас. — Алматы: Санат, 1995. — 176 б.  
 5 Сауранбаев Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1989. — 56–75-б.

С.А.Кенжеғалиев, К.Нуржанова

## Особенности образования сложных придаточных уступительных предложений

В статье рассматриваются особенности приемов образования придаточных уступительных предложений, идентичность и различия в их образовании по сравнению с другими видами сложноподчиненных предложений. Предлагается описание истории исследования этого типа предложений, а также развитие уступительного сложноподчиненного придаточного предложения в целом. Так, обращение автора к истории изучения уступительных придаточных предложений, связанной с особенностями их употребления, показывает, что даже на сегодняшний день встречаются окончательно не выявленные стороны этого явления синтаксиса.

The article deals with the peculiar characteristics of the complex formation of the concessive subordinate sentence, there are considered identity and distinctions in their formation in comparison with other kinds of compound sentences. Also there is offered the description of history of research of this type of compound sentences, and the development of a concessive compound subordinate sentence as well. So, the reference to history of studying of the concessive subordinate sentences, connected with features of their use, shows what even for today there are finally not revealed parties of this phenomenon of syntax.

ӘОЖ 81

Г.Қ.Сағатова

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

## Психолингвистикадағы уәждеме мәселесі

Мақалада психолингвистикадағы лексиконның зерттелу мәселесі қарастырылды. Халықтың тарихи-мәдени құбылысының тілмен байланысы жеке тұлғаның психологиялық көзқарасымен түсіндірілді. А.Құнанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы көзқарастары негізінде қазақ тіл біліміндегі психологиялық парадигманың пайда болуы мысалдар арқылы дәлелденді. Сонымен қатар сөз мотивациясының адам психикасы мен ойлау қабілетінің байланысы жайында сөз етілді.

*Кілтті сөздер:* антропологистика, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, тілаларлық теориялар, құрылымдық принциптер, философиялық, логикалық, номинация, мотивация, этимологиялық құрылым, ми қабаты, ономонология, интерпретация, лексикон, инсан, эмоция.

Адамзат баласының болашақ үшін қоғамдық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық, тағы басқа күресі, сан ғасырлық тарихы, рухани жаңғырулары ұрпақтан ұрпаққа сол ұлттың тілінде сақталуы арқылы жетеді. Ана тілінің өміршендік қызметінің қуаты мен күдіреті, негізінде, жаңа ұрпақтың ұлтымыздың көне тарихы мен мәдениетін дұрыс танып-білуінен бастау алады. Осы бастаулар кешенді тіл ғылымының көкжиегінде тағылымдық мәні зор ұлт тілінің өн бойынан ұлттық мәдениеттің көзі ретінде табылады. Осымен байланысты тіл табиғатының қыр-сыры өзге ғылым салаларымен (психология, антропология, этнография, мәдениеттану т.б.) тығыз қарым-қатынастың негізінде танылып, зерделеніп отыр. Өйткені ұлттық тілдің болмысын шынайы тану үшін тілдің өзіндік ішкі заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың ғасырлар бойғы тарихымен, ділімен, дінімен, тұрмыс-салтымен, мәдениетімен тікелей байланысты екені сөзсіз. Сондықтан ұлттық тілді сол этностың ділімен, мәдениетімен, танымымен, тарихымен біріктіре қарау мәселесі тіл ғылымында өзіндік өріс алып келе жатқан антропологистика, психолингвистика, когнитивті лингвистика, әлеуметтік лингвистика сияқты жаңа бағыттардың тууына себепші болды.

Осыған орай, тілді дамытуға және тануға жан-жақты мән беріліп отырған қазіргі кезеңде тіл антропоэлектік бағытында қарастырыумен сипатталады. Демек, бұл — тілді зерттеудің мүддесін нысаннан инсанға аудару, яғни адамды тіл арқылы және, керісінше, тілді адам арқылы анықтау. Сондықтан жаңа ғылыми парадигмаға сәйкес тілді зерттеуде негізгі назар тілдік жеке тұлғаға аударылады, сонымен байланысты тілді зерттеудің жаңа мақсаттары, маңызды ұғымдар мен тәсілдер, тіларалық теориялық негіздері қалыптаса бастады. Атап айтқанда, антропоэлектік парадигма бірінші орынға адамды шығарады да, тіл адам психикасын құрастырушы сипатта қарастырылады. Адамның сөзді қабылдауы, сөз талғауы, бірдейлестіруі, олардың қыр-сырын ой елегінен өткізе пайымдауы, соның салдарынан жинақталар ақпараттар мен мәліметтерді жадыда сақталар қор ретінде жүйелеу — барлығы тілдік бірліктердің болмысын ішкі және сыртқы әсерлер тұрғысынан талдауға жол ашады, ал құрылымдық принциптер психологиялық, философиялық, логикалық, танымдық қағидаларға ұласып, тіл білімі ғылымының өрісін кеңейте түсуге ықпал етеді.

Тіл біліміндегі ат қою, ғылымиландырып атасақ, номинация теориясының да адамзат психикасымен, ойлауымен, таңбатануымен байланысы баршылық. Осы түйісте сөздің уәждемесі (мотивациясы) туралы мәселе келіп шығады.

Уәждеме құбылысына тіл білімі ғылымында тоқтамды, тұрақталып қалыптасқан анықтама берілмеді десе де болады. Бұған айқын дәлелдің бірегейі сол, бұл құбылыстың өзін әр түрлі терминдермен береді: мотивировка, мотивация, сөздің ішкі формасы, семантикалық форма, сөз образдылығы, сөздің мағыналық белгісі, сөздің этимологиялық құрылымы, негіздеме, уәждеме т.б.

Тіл — адам танымының айнасы болғандықтан, тілді таңбалық жүйе аясында қарасақ, уәждеме арқылы зат пен құбылыс атауының табиғатына бойлауға, қажеттілігін түсінуге, атаудың негізін түйсінуге, зат пен құбылыс және олардың атауларының арасындағы әлдебір байланысты айқын сезінуге, пайымдап байқауға болады. Қазақ тілінде уәждемеге берілген екі қысқаша анықтама қолымызда бар: «Мотивация, уәждену (фр. *motif* — сылтау, дәйектеме; ағыл. *motivation* — уәждеме, дәлелдеме) — тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу әктісі [1]. Әдетте, мотивация мәні диахрониялық тұрғыдан ашылады. Мысалы, тіліміздегі *қабырғасымен кеңесу* деген фразеологиялық тіркестің «үйдегі әйелімен, отбасымен кеңесу, ақылдасу» мәнінде қолданылатыны бәрімізге белгілі. Ал осы тіркестің шығу төркінін христиан дінінің қасиетті кітабы «Таураттан» іздеуге болады. «Жаратылыстың басталуы» тарауында құдай көк пен жерді жаратқан соң топырақтан еркек адамды жасап, оған жан бітіріп, «адамның жалғыз болғаны жараспас» деп, оның бір қабырғасынан әйел жасап берді. Осындай мотивация негізінде фразеологизм пайда болған.

Екінші бір «Лингвистикалық түсіндірме сөздікте» уәждемені «туынды және күрделі сөз мағыналарының, оларды құрайтын сөздердің мағыналарына тәуелді болуы» деп көрсетеді [2].

Көріп отырғанымыздай, назар күрделі сөздің, тіркестің мағыналық құрамына, таза экстралингвистикалық оқиғаларға аударылады екен. Ал жеке сөз мағынасының уәжіне бойлай қойған жоқпыз. Ал мұның адам психикасының даму үдерісімен қалай да бір байланыста екеніне күмәндануға болмайды.

Сөзжасам барысында сөз жасаушы бірліктер уәждемені тудыруға себепші болады да, ал оның нәтижесінде туған жаңа атау уәждемеленген таңба болып саналады. Демек, уәждеме номинациямен (затты сөзбен атаумен) байланысты қарастырылуы қажет.

Күнделікті тұрмыста уәждемеленген сөздер ішкі тұрпаты айқын сөздер сияқты белгілі бір заттың атауы қызметін атқарады. Дей тұрсақ та, мұндай уәждемеленген сөздермен салыстырғанда, уәждемеленген сөздер қолданылу аясы, таңбалық қасиеті тез қабылданып, санада, есте берік сақталады. Уәждемелену байланысы — сөздік құрамдағы жүйелі қатынастардың маңызды түрі сөздік құрам болады.

Құбылыс немесе зат атауының түп-төркініндегі бастапқы негіз оның субъектіге қалай әсер етуінде жатады. Әрбір зат пен құбылыс табиғи және табиғи емес қасиеттерден, белгілерден тұрады. Олардың бәрі бірдей бір мезгілде адам психикасында, санасында орнығуы қиын. Сондықтан солардың ішіндегі біреуі я бірнешеуі ғана іріктеліп, екшеліп шығады да, адам жадынан ерекше орын алады. Нысанды бейнелеу үшін тілдік жүйе іске қосылады да, түйсікпен қабылданған алғашқы белгі (қасиет, сипат) кеңейіп, өрістей түседі. Осылайша таңдап алынған қасиет барлық физиологиялық қатынастарға тәуелді емес. Әсер етуші қозғаушы күштің қайсысы неғұрлым басым болса, адам санасына тек сол ғана ерекше әсер етеді деген түсінік тумаса керек. Себебі осының нәтижесінде ұғынылмақ мағынасы бар сөздің я басқа тілдік таңбаның бәрі бірдей қалыпты нормаға айналып кете бермейді. Ми қабатының қызметі арқылы заттың немесе құбылыстың тек бір ғана қасиеті сүзіліп шығып, оны субъект берік қабылдайды. Сүзуден өткен санадағы осындай құбылыс тілде дұрыс әрі жиі пайдаланылады. Мы-

салы, *сағақ* деген сөздің жалпы қасиеті (мағынасы) бір нәрсенің төменгі жіңішке, қылта жағын таңбалайды. Алайда қазақ әдеби тілінде бұл малдың мойыны мен иегінің арасын білдірсе, оңтүстік өңірде оның «төменгі жақ» мағынасы басым болып қабылданудың нәтижесінде және тұрмыс-тіршіліктің ерекшелігіне орай «ағаштың ең төменгі бұтағын» таңбалайды.

Құбылыстың не заттың белгілі бір бастапқы қасиет, сипатын белгілеуге арналған сөздің тілдік даму жолында алғашқы мағынасының көмескі тартып кетуі де тіл тарихына белгілі үдеріс. Мәселен, «тон» сөзі алғашқыда киім атаулыны белгілеуге бағытталса, қазір ол жалпы тектік сипаттан айырылып, киімнің бір ғана түрін таңбалайды. Кейбір сөздің аталуы сол құбылыстың я заттың адам психикасында қалай қабылданып, оған қай жағынан әсер еткендігімен байланысты болады.

Сондықтан кез келген сөз белгілі бір нысан арқылы уәжделеді. Тілдік таңбаның таңбаланушымен арасындағы байланыстың еркін болуы нәтижесінде келе-келе сөз бен оның түпкі уәжі арасындағы байланыс алшақ тартады, сөз өзінің «тегін жатсынады». Осының нәтижесінде лексикалық бірлік деэтимологияланып, уәжі күңгірттенеді. Тілдік таңбалау еркін құбылыс болып шыға келеді. Сонымен қатар адам психикасының табиғаты, қызметінің икемділігі сондай, түсініксіз деген сөздерді қайта өңдеп, оның тағы бір жаңа баламасын тауып, соған қайтадан уәждеме жасай алады.

«... мотивацияның көптеген біржақты анықтамалары зат атауының тек экстралингвистикалық немесе тілдің ішкі ерекшелігіне көңіл бөлумен шектеледі. Ойдың мазмұнын жеткізу жолы бір ғана тіл арқылы іске асқанымен, оның өзі түрлі физикалық жақтан қабылданып, түрлі физикалық жағынан беріледі» [3].

Себебі әрбір құбылыс адамның сезім ағзаларының бәріне бірдей әсер етпейді, біреуін ерекше қабылдайды. Мысалы, көзбен көру арқылы қабылданған сезімді адамның дыбыстық тілі тек сол көрініс ұғымында ғана, тыңдау арқылы қабылданған сезімді тек сол дыбыс күйінде жеткізе алады. Бастапқы атауға негіз болатын алғашқы импульсті беретін тіл емес, керісінше, адам сол құбылысты таныту үшін тілдік құралды талап ететін заттың өзі психикаға әсер ету арқылы нұсқау береді.

Сөздің уәжделуі уәждеменің ең өзекті, басты теориясының бірі ретінде саналады. Бұл ұғымға берілетін анықтамалардың түрлі варианттары қолданылып жүр. Мысалы, заттың атау алу заңдылығы принциптеріне сүйенетін тілдегі ономонология ғылымы уәжделуді былайша түсіндіреді: Уәжделу үдерісі — тілді ономонологиялық жағынан ыңғайластыратын, атаудың негізінде себеп болатын, белгілі бір уәждің барысында шығатын атаудың формасы. Уәжделудің анықтамасын іздегенде басты рөлді тілдік қатынастар атқаратынын ұмытпаған жөн. Себебі әрбір ой, әрбір лексикалық бірлік әр ұғымда әр түрлі болып қалыптасады.

Уәжделуді қарастырғанда лексикалық материалды лексикологияның аспектісінен іздестіру жиі кездеседі: сөз мағынасының уәжделуі оның құрылымы мен тілдік жүйедегі сөйлеу элементтерінің тірі санамен болатын семантикалық қарым-қатынасынан көрінеді.

Уәжделу — күрделі бүтіннің мағынасынан сол бүтіннің бөлшектерінің мағынасын алып шығу, сөздің семантикасы мен айтылуының, дыбысталу мен мағынаның арасындағы байланыстың негізгі себепкері.

Уәждемелік мағына синхронды түрдегі сөз өндіру факторы ретінде психолінгвистикалық тұрғыдан егжей-тегжейлі, өте ұқыпты зерттеуді қажет етеді.

Психолінгвистиканың пәнін айқындауда даулы мәселелер баршылық, қазіргі психолінгвистикадағы бірқатар қағидалар нақты емес, зерттеуге алынған мәселелерде айқын жеке жоқ десе де болады. Бұл жайттан психолінгвистика осы күнге дейін арыла алмай отыр. Себебі оның қамтып отырған проблемалар аясы өте кең, әр алуан, әр текті. Басқа сала өрістеріне жиі жайылып кетеді. Мұның өзі біздің зерттеуімізді бұлдыр шексіздікке апарып соғардай әсер етеді. Сондықтан тілдік лексиконға қатысты айқын деген құбылыстарды негізгі нысанаға алуға тура келеді.

Психолінгвистика аясында тіл білімінің философиялық аспектісі мен психологияға арналған зерттеулер баршылық. Бұлардың қатарына тіл мен ойлау, тіл мен сананың өзара ықпалы мәселесіне арналған, онтогенездік және филогенездік тұрғыдан адам санасының қалыптасуына бағытталған еңбектер жатады. Ойлаудың таңбалық сипаты проблемасы да осы тұрғыдан зерттеліп жүр. Мәселен, неогумбольдтшіл Лео Вайсгербердің «Ана тілі және рухтың қалыптасуы» атты еңбегі тіл философиясы тұрғысынан жазылған. Солай бола тұра бұл ғалымның осы еңбектегі пікірлеріне психолінгвистер дәйек ретінде жиі назар аударып отырады. Вайсгербердің психолінгвистикаға сүйеніш болып жүрген кең тараған бір пікірі мынадай [4]. Ғалым таңбаның мүмкіндігін саралай келе, таңбаның мынадай қызметтерін көрсетеді:

1) оқиғалар легіндегі бір сәтті белгілейді, ол сәтті басқа сәттерден өзгешелейді де сол арқылы оған жаңа айқындық, анықтық қосады;

2) тәжірибе арқылы сезінуді еркін түрде қайта қайталауға мүмкіндік береді және оны жеңілдетеді;

3) түрлі сезім толқыныстарының арасын байланыстыруға көмектеседі де, соның арқасында нақты бір сезім толқынысынан көптеген басқа құбылыстарды жалпылап ойлап қорытып шығаруға болады.

Ділдік лексиконның түзілуінде бұл қызметтер белсенді әрекеттерге жатады.

Мәтінді ұғыну-ұғындыру туралы ғылым ретінде герменевтика да психолингвистикамен жақын, шектес. Герменевтикада сөз (сөйлеу іс-әрекеті) мәтіннің өзі мен оның қабылдануы, болмысты адамның түсіндіруі мен түсінуінің тұрғысынан қарастырылады. Герменевтикада да, психолингвистикадағы сияқты, мәтінді интерпретациялаудың көп түрлілігі, көп нұсқалы болатыны туралы қағида бар. Бұл жайт ділдік лексикондағы сөз ұғыным үдерісінде де кездеседі.

Психолингвистикада мәдениеттану мен ұлттық психологияға, ұлттық танымға шектесетін бірқатар ортақ проблемалар бар. Атап айтсақ, тіл-тілдегі әлем бейнелерінің арасында айырмашылықтың болуы тілдердің құрылымымен ғана емес, сол тілде сөйлеушілердің дүниені өзінше, сол тілдің «көзімен» көруімен де байланысты екендігі туралы ойлар. Дәйек ретінде мына бір қағидаларға ой жіберіп көріңіз. Данышпан қазақ шығарған мақал: *«Сөзіне қарай кісіні ал, — Кісіге қарап сөз алма»*. В. фон Гумбольдт: *«Тіл — халықтың рухы, мәні»*. Л.Вайсгербер: *«Тілде халықтың тәжірибесі, сол тілдің өкілдеріне маңызды дегеннің бәрі сақталады»*. Ділдік лексиконның түзіліп, қалыптасуындағы ұлттық факторлар үлкен-үлкен зерттеулерді күтіп тұр.

Қазақ тіл білімінде психолингвистика дербес сала болып қалыптасқан жоқ. Жоспарлы түрде зерттеу мен оқытудың өзі санаулы ғана уақыттың еншісінде. Оның бір айқын дәлелі — қазақ тілінде атап көрсетерліктей іргелі арнайы зерттеу еңбегі немесе оқулықтың қолда жоқтығы. Бізде тіл құбылыстарының психикамен байланысы модальділік шеңбері көбіне мағынадағы эмоционалдық-экспрессивтілік аясынан аспайды десек, асырып айтқан бола қоймайды. Себебі қазақ тіл білімінде сөйлеу үдерісі емес, тіл зерттеледі. Көп тұста тіл мен сөйлеудің ара жігі ажыратылмай талданады. Бір дәйек келтірейік: «Психолингвистикалық құбылыстар (түйсік, қабылдау, сезім т.б.) сөйлеу үдерісіне тікелей қатысады. Адам ауызекі немесе жазба тіл арқылы қатынас жасағанда, белгілі бір ұғымды білдірумен бірге, сол ұғымға деген өзінің көзқарасын да қоса аңғартады. Демек, тіл ойды ғана емес, сонымен қатар адамның сезімін, жан дүниесін де білдіреді. Мысалы, *оңбаған, қаныпезер, жауыз* немесе *сұлу, әдемі, көрікті, керім* сияқты синонимдік қатардың құрамындағы сөздер бір-бірінен тек лексикалық мағынасымен ғана емес, сонымен қатар эмоциялық бояу-реңкімен де ажыратылады. Айтылу мақсатына қарай хабарлы, лепті, бұйрықты, сұраулы болып келетін сөйлемдерде адам психологиясына, ішкі дүниесіне әр түрлі әсер етеді». Бұл «Қазақ тілі» энциклопедиясының алынған дәйексөз қазақ сөйлеушісінің психологиялық қыры тың жатқанын көрсетеді [5].

Әрине, бұл — қазақ тіл біліміндегі психологизмді тақыр жерге орнату деген сөз емес. Оның нышандарын сөзтануға қатысты әдебиеттерден кездестіруге болады. Тіптен, Абайдың өзінің: «Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар»:

- әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек;
- екінші, сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек;
- үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек;
- төртінші, сол кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік я бір қайғыға салынып, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер», ал «Он тоғызыншы қара сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе,... білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [6], — деген сөздерін психолингвистикалық санаттар тұрғысынан қарастыруға әбден болады. Сөз арасында айырықша атайтын бір тарихи идея бар. Өкінішке қарай, идеологиялық субъективизм кесірінен жанданып, дамытылмай қалды. Ол — Ахмет Байтұрсынұлының: «... ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», — деп сөйлемге тауып белгілеген талабы. Психология мен тіл білімінен хабардар адам мұндағы «ауыздан шыққан сөз», «айтушы», «ой», «тыңдаушы», «ұғарлық», «түсінікті болып айтылған» деген ұғымдарды сөйлеу іс-әрекетінің психологиясынан да кезіктірер еді. Бірақ қазақ кеңес тіл білімі мұны «жылы жауып» қойды да, «сөйлем дегеніміз — аяқталған ойды білдіретін синтаксистік тіркес» деген анықтаманы дәлелдеуді, өзгертуді қажет етпейтін қасаң қағидаға (аксиомаға) айналдырды [7; 264].

А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде әдебиетті сөзді іске жарату тұрғысынан қарайды. Сол себепті де оның пікірлері психолінгвистиканың, оның келелі мәселесі ділдік лексиконның қазақ филологиясындағы бағдарламасындай әсер етеді:

«Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға; 2) қиялға; 3) көңілге.

Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ондағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — тую, талғау.

Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйін түйгенінше айтуға жарау». Мұнан соң ғалым ділдік лексиконның тұғырлы нысандарын айқындайды: «... жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадірінша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек. Мүддесін тілмен айтып жеткізу қиын екендігін, оған өте шеберлік керек екендігін мынадан байқауға болады... Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар, әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын лебіз заңынан шыққан сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білу қажет.

... Бір нәрсе турасындағы пікірімізді, яки қиялымызды, яки көңіліміздің күйін сөз арқылы жақсылап айта білсек, сол сөз өнері болады. Ішіндегі пікірді, қиялды, көңілдің күйін тәртіптеп, қисынын, қырын, кестесін келтіріп сөз арқылы тысқа шығару — сөз шығару болады» [8; 10–17]. Көріп отырғанымыздай, жеке адамның тілді жаратуы психолінгвистиканың бір саласы сөз саптау (производство речи) мәселесімен ұласып жатады.

А.Байтұрсынұлы мұрасында ділдік лексиконның нақты негіздерін көрсетіп беретін пайымдамалар баршылық. Мына бір пайымдаманы ділдік лексиконның қазақ тіл біліміндегі алғашқы ғылыми түсіндірмесі деуге әбден болады: «Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді тандап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әңгіме ішінде түгіл, жалғыз ауыз амандасу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп, біреу «сәлемет жүрсіз бе?» деп, біреу «күйлі, қуатты барсыз ба?» деп амандасады. Сол сияқты, әркім пікірін сөз қылып шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әр түрлі қолданады. Қысқасынан айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алып, өз оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алып, өз оңтайынша алып тұтынған сөздер сол адамның тілі болады» [8; 18–19].

Ғалым ділдік лексикондағы сөзді тану үдерісінің жалпы сипатын беруде айтушының айтатын нәрсені жетік білуі керектігін, себебі адамның мұндайда «ашық» сөйлейтінін, ал толық таныс емес сөзді «көмескі, күңгірт» баяндайтынын басшылыққа алады [8; 20].

А.Байтұрсынұлы сөзді қолданудағы инсанның психикасында болатын объективті үдеріс өзектендіруді анық байқаған: «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының үстінде талғау сөздің көрнекі болуын да керек қылады. Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болу үшін, дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптайды. Жансыз затты жанды заттай ғамалдайды» [8; 23].

Ойды сөзбен хабарлаудың алгоритмдік өңделуі туралы алғашқы бастау пікірді де А.Байтұрсынұлынан табуға болады. Бір дәлел: «Сөз дұрыс айтылуы деп әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Олай болу үшін керек:

- 1) сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- 2) сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;
- 3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [8; 19].

Сондай-ақ психолінгвистикадағы гештальт мәселесінің алғашқы ұшқындары А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерінен орын алған [7; 335–336, 364–366].

Инсанның сөзді танып-білу үдерісінде сөзді көру, есту арқылы графикалық-фонемалық деңгейде танудың маңызы зор екені — қазіргі психолінгвистика теориясында дәлелденген жайт. Мұның маңы-

зын А.Байтұрсынұлы да тілді оқыту әдістемесіне арналған еңбектерінде айырықша атап көрсетеді [7; 324, 357–363, 368–372].

Қазіргі этнопсихолінгвистикадағы өзекті мәселенің бірі белгілі бір тіл әлеміне еңбек инсанның мәдени-психологиялық толқыныстарының себебін А.Байтұрсынұлы мынадай жайттардан көреді: «Современная культура не есть создание одной какой-нибудь нации или расы, а результат совокупных усилий и навыков всего человечества. В культуре каждой нации, кроме собственного творения, имеются заимствования, и на смешение их культуры влияют их отношения, которые различаются с точки зрения дружественного и неприязненного. Заимствования бывают и при покорении одной наций другой, и при мирном общении народов друг с другом. При этом сходные формы религии, обычаев, нравственности, общественной организации, сродность наклонностей, инстинктов, психологии и т.д. облегчают процесс заимствований и смешения культур» [7; 419–420].

Сөйтіп, қазақ ғылымында психолінгвистиканың аты аталып, арнайы зерттелмегенмен, сөйлеу мен психиканың ықпалдастығы туралы, жеке инсанның сөз саптауы туралы зерттеуге азық болар пайымдар бар екеніне көз жеткізуге болады. Әрине, зерттеуімізде бұларды тұғырламасақ та, тұрғы ретінде ескеріп отырамыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Тіл білімі сөздігі / Жалпы ред. басқ. Э.Д.Сүлейменова. — Алматы: Ғылым, 1998. — 232-б.
- 2 *Салқынбай А., Абақан Е.* Лингвистикалық түсіндірме сөздік. — Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. — 151-б.
- 3 *Гинатулин М.М.* К исследованию лексических единиц. — Алматы: Наука, 1973. — С. 32.
- 4 *Белянин В.П.* Психолінгвистика. — М.: Флинта, 2003. — С. 14.
- 5 *Арын Е.М.* Қазақ тілі: Энциклопедия. — Алматы: ІДК-ТІРО, 1998. — 321-б.
- 6 *Құнанбаев А.* Шығармаларының екі томдық толық жинағы. — II-т. — Алматы: Ғылым, 1977. — 173-б.
- 7 *Байтұрсынов А.* Тіл тағылымы. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 264 б.
- 8 *Байтұрсынов А.* Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. — Алматы: Атамұра, 2003. — 208 б.

Г.Қ.Сағатова

#### Проблема мотивировки в психолінгвистике

В статье рассматривается проблема исследования лексикона в психолінгвистике. Связь языка как историко-культурного явления с народом, отдельной личностью объясняется с психологической точки зрения. Приводятся примеры возникновения психологической парадигмы в казахском языкознании в сочетании со взглядами А.Кунанбайұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытулы. Также автор исследует связь мотивации слова с человеческой психикой, мышлением.

The article is devoted to the problem of research of lexicon in psycholinguistics. The combination of language like a historic-cultural thing is understood by psychologic position. There are examples of appearing of psycholinguistic paradigms in combination according to the opinion of A.Kunanbayuly, A.Baytursynuly, Zh.Aymaulyuly.